

**Атырау қалалық мәслихатының 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 230 "Атырау қаласында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 05 ақпандағы № 252 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 ақпанда № 3105 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2015 жылғы 09 қыркүйектегі № 296 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 09.09.2015 № 296 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Атырау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 230 "Атырау қаласында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3069 рет санымен тіркелген 2015 жылғы 9 қаңтарда "Атырау" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Атырау қаласында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің қағидасында:

1) 1 тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп – ұстауға жұмсалатын шығыстар – үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп – ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге, сондай – ақ кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін болашақта жүргізілетін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға

арналған шығыстарының міндетті сомасы;"

2) орыс тіліндегі мәтінде 3 тармақтағы "увелечения" деген сөз "увеличения" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 6 тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп – ұстауға жұмсалатын шығыстарды;"

4) орыс тіліндегі мәтінде 9 тармақтағы "Агенства" деген сөз "Агентства" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау тұрғындарды әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, жастар және спорт ісі, әйелдер істері және отбасылық–демографиялық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Б. Шеркешбаева).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XXXI сессия төрағасы,  
қалалық мәслихат хатшысының  
уақытша міндетін атқарушы*

*Б. Рысқалиев*